

**Бергибаев Е.М.**

**Момынова С.А.**

*Халықаралық Бизнес Академиясы*

## **Қазақстан Республикасы аймақтарындағы логистикалық-транспорттық жүйелерді басқару**

Қазіргі таңда еліміздің аймақтарында экономикалық және әлеуметтік дамудың елеулі айырмашылықтары көрініс табууда, ол еліміздің аймақтарында біріңғай транспорттық жүйесінің дамуына кері әсерін тигізіп жатыр. Бұл өз кезегінде жергілікті бюджеттен қаржыландыратын инфрақұрылым нысандары мен әлеуметтік мағынасы мол жолаушыларды тасымалдайтын ұйымдардың жағдайы мен қолжетімділік деңгейіне әсерін тигізуде. Әр аймақтағы бірегей транспорттық жүйелерді дамыту үшін мемлекеттік басқарудың құзіреттілігі мен қызметін бөлу барысында орталықтандырылған атқарушы органдардың басты рөлін сақтап қалу керек және атқарушы билігінің барлық деңгейінде қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерді белсенді қолданумен қатар жеке инвестицияларды тарту үшін жағымды жағдайлар жасалу керек. Республикамыздың әр аймағындағы транспорттық жүйелерінің даму деңгейінің негізгі принципі транспорттық стандарттардың минималды талаптарын орындау қажет сонымен қатар орталық және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттің негізгі транспорттық саясатына сәйкес өзара әрекет ету керек. Аймақтағы транспорттық жүйелердің дамуы кезінде, Қазақстанның кластерлік, территориялық, өндірістік, әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары негізінде транспорттық инфрақұрылым даму жоспары құрылғанын ескеру қажет. Транспорттық инфрақұрылымды модернизациялау және дамыту үшін инвестиция тарту қажеттілігін анықтау кезінде перспективті жобалар мен әлеуметтік –экономикалық даму индикаторларын ескеру керек. Республикалық және аймақтақтық бағдарламада жеке транспорт түрін дамыту мен іске асыру кезінде орталықтандырылған және жергілікті атқарушы органдардың өзара қарым-қатынас деңгейін жоғарлату қажет.

Транспорттық жүйенің экономикалық-әлеуметтік саясаты барысында транспорттық қызмет көрсету рөлі кезінде тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыру транспортты қызмет көрсету кезіндегі өндіріс күшін ескеру, тиісті транспортты норманы сақтау ескеріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында «Қызылжар» модульді транспортты-логистикалық орталық құрылды бұл өз кезегінде аймақтың дамуына үлкен үлесін қоса-

тын әлеуеті бар. Бұл жобаның мақсаты аймақта заманауи принциптер мен технологияға сәйкестендіріп бөлшек және көтерме сауда орындарын құру, заманауи терминалдар мен логистикалық орталықтар арқылы сауда жүйесі мен логистиканы басқару. Алға қойған мақсат қолда бар қоймаларды транспорттық кәсіпорындарды жұмыспен толтырған кезде, экспорттық және импорттық тауар айналымын қамтамасыз еткенде, ірі көтерме сауда орындары кәсіпкерлермен бірге жұмыс істеген кезде орындалады. Бұл жобаның қатысушыларының қызығушылығы мына жұмыс сызбасымен түсіндіріледі: “тауар туралы ақпарат-тауарға тапсырыс-кәсіпкер қалаған жерде тауарды алу”. Жобаның тиімділігі делдалдарға, транспортқа, тауар өткізуге кететін шығындардың азайуы. Петропавл транспорттық торапы арқылы жылына \$28 млрд көлемінде тауар айналымы жүреді. Ресей темір жолының жүкті сорттау бөлімінде Оңтүстік-Орал темір жол торабы қазіргі таңда алдыңғы орынды алып отыр. «Қызылжар» МТЛО құрылуы бірігіп жұмыс істеу арқылы аймақтың дамуына алып келді.

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында транспортты-логистикалық орталық құрылды. Қалалық әкіматқа 2007 жылы жоба эскизі көрсетіліп, бекітілді де құрылыс басталып кетті. Жоба бекітілгеннен кейін Семей қаласының әкімі 12 га жерді ТЛО нысандарын салуға бөліп берді. Жобаға сәйкес бұл жерге, жүк түсіретін темір жол түйінін, конторларды, жүкті уақытша сақтайтын ашық алаңды, алғашқы қойма нысандарын, авто көлік тұрақтарын, административті кешенін, қонақ үй, офис нысандарын, сауда орталықтарын орналастыратын болды. Семейдегі ТЛО-ның бірінші құрылыс кезеңі \$50 бағаланды. ТЛО құрылысы инвесторларды тарту арқылы жүзеге асты. Шығыс Қазақстандағы транспортты –логистикалық орталықты құру және басқару үшін екі компания құрылды олар: ЖШС «Семей Отдел Инвест» және ЖШС «Семей Жолы Сервис». Семейдегі ТЛО ірі құрылысы оның географиялық орналасу жағдайына байланысты. Осы қала арқылы бірнеше халықаралық авто көлік «Северный» коридор(Омск-Павлодар-Семей-Георгиевка-Майкапчагай және Омск-Павлодар-Семей-Георгиевка-Аягөз-Таскескен-Ушарал-Сарыөзек) құрамына кіретін авто көлік маршруттары өтеді. Сонымен қатар,

бұл жерден Ресей Транссибір темір жолын магистралына тікелей шыға алатын «Турксиб» темір жолы өтеді және солтүстік пен орталық Транс-азиялық темір жол магистралы (Батыс Европа-Қытай, Ресей және Қазақстан жерлері арқылы өтетін Достық-Ақтоғай-Саяқ-Мойынты-Астана-Петропавлск-Корей жарты аралы мен Жапония магистралы өтеді). Осы магистралдары мен қатар Семей қаласы арқылы Қытай-Қазақстан-Ресей бағытында трансшекаралық кеме жүретін Ертіс өзені өтеді. Семей әуежайы халықаралық рейстерге қызмет көрсету рұқсатын алды. Оңтүстігінде Қытаймен, солтүстігінде Ресеймен шекаралас ШҚО –на кіретін Семей қаласының тұрғындар саны 300 мың адамды құрайды.

Осы аймақтың транспортты-логистикалық жүйесі үздіксіз дамып жатыр. Осының дәлелі ретінде 2010 жылдың тамыз айында жобасы бекітілген «Жібек Жолы» транспортты-логистикалық орталығының құрылысын айтуға болады. Семей қаласының оңтүстік батысындағы құрылыс кешеніне А және Б халықаралық стандарттарына сай заманауи қойма терминалдары кіреді. Сонымен қатар бұл кешенге инфрақұрылымының қажетті нысандары мен бірге қонақ үй, сауда жәрмеңке павильондары кірмек. Транспортты-логистикалық орталық 50 мың квадрат метр аймаққа салынады. Аймақтағы транспортты-логистикалық орталық жүйесін оңай басқару үшін, орталықтың барлық нысандары заманауи құрал-жабдықтармен, жүкті дайындау мен сақтаудың жаңа технологияларымен жабдықталады. Жүктің сақталуы автоматты климат-реттеу жүйесі мен желдеткіштер арқылы іске асырылады. Жоспарланған терминалдың негізгі бөлімі кедендік қоймаларға беріледі. Осы транспортты-логистикалық орталық Қазақстан және қаланың максималды транзитті әлеуетін қолдануға, транспортты инфрақұрылымның дамуына, шығыстағы сауда мен бизнестің өрлеуіне жол ашады. Сонымен қатар, бұл орталық аймақтың инвестиция тарту қабілеттілігін арттыра отырып, өз кезегінде осы аймақтағы кәсіпкерлік пен жаңа жұмыс орнын ашуға оңтайлы әсерін тигізеді.

Оңтүстік Қазақстанның транспортты-логистикалық даму аймағына келетін болсақ, Қазақстан Республика Үкіметі бекіткен әлеуетті экономика секторында пилотты кластер дамуы жоспарына сәйкес, 2007 жылы Алматы қаласында жылына 80 мың контейнер өңдеу өндіріс қуаты бар ТЛО АО «Астана-Контракт» берілді. Жылына ТЛО АО «Астана-Контракт» 48 мың контейнер қайта өңдеп шығарады. АО «Астана-Контракт» және ЖШС «Paragon Development» бес жылдық даму жоспары бойынша тағы бір Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе (Қандыағаш) және Достық, Хоргос, Ақтау станциялары кіретін тармақталған транспортты-логистикалық желі

жобасы кірді. 2007 жылдан бастап Алматы қаласында айына «А+» қуаттылығымен 600 мың тонна азық-түлікті өңдеуге арналған «GEGA» азық-түлік логистикалық орталығының құрылысы басталды. Бұл орталық өндірушіден өзінің территориясына азық-түліктің барлық номенклатурасын сатып алу мен жеткізуді және транспорттировка, кедендік рәсімдеу, сақтау, қайта өңдеу мен жеке саудаға дейін жеткізу мәселелерін шешеді. Алматы облысы Іле ауданы Байсеркен өндірістік аумағында «Аманат Инвест» компания тобымен 150 га ауданды алатын «Даму» индустралды-логистикалық орталық құрылысын жүргізілуде. 15 км темір жол мен кіріс жолдарын алып жатқан қойма және техникалық құрылыс аймағы бітті. Алматы облысы Іле ауданындағы, Өтеген батыр және Первомайский ауылдарында жүктік логистикалық терминалы құрылды. ҚР МИТ Алматы облысы, Панфилов ауданында қазақ-қытай шекарасы мен Батыс Қазақстан облысы, Ресейдегі Саратов облысы шекарасында «Хоргос-Восточные ворота» арнайы экономикалық аймақ құру жұмысын жүргізуде. Құрылуға жобаланған құрғақ «Хоргос» және «Таскала-Озинки» порттары бірегей Ортаазиялық транспортты-логистикалық (ОТПК) жүйесіне кіреді. Жоспар бойынша, Европа-Батыс Қытай Батыс автожол коридор маршрутымен сәйкес келетін ОТПК контейнерлік жүкайналымы және өндірістің логистикалық түрлеріне, трансұлттық өндіріске мамандандырылады, бұл өз кезегінде республикамызды трансконтиненттік технологиялық тізбекте өз орнын алуға және халықаралық өндірістік қызмет пен тауар трафик айналымында бейімделуге мүмкіндік береді.

Транзиттік әлеуетті дамыту барысында Батыс Европа – Батыс Қытай бағытындағы автотранспорты коридорын қайта жөндеу жобасына көп көңіл бөледі, себебі ол Орталық Азия елдерін Европамен байланыстыратын ең қысқа транспортты байланыс болып табылады, әрі Қытайға, Оңтүстік Шығыс Азияға, Ресейдің батысына, Европаға шығатын жол. Халықаралық Батыс Европа-Батыс Қытай транзиттік коридор жобасын жасау кезінде 12 аудандық, 4 халықаралық транспортты-логистикалық жүйесін құру ұсынылды. Осы жобаларды іске асыру, қытайдан теңіз арқылы келетін жүк айналымын автомобиль транспортына қайта бағдарлауға мүмкіндік береді, бұл жүк келетін уақытты қысқартып, Орталық Азиядан келетін транспортты ағымдарды тартуға жағымды жағдайлар туғызады.

Батыс Қазақстанда 2010 жылдың тамыз айында аймақта аналігі жоқ ірі транспортты-логистикалық орталық іске қосылды. Белгілі болғандай бұл орталық халықаралық Батыс Европа-Батыс Қытай транспортты-логистикалық жүйесінің жалпы қызмет көрсету сызбасына

кірді. Бұл орталық тез уақытта тауар айналымын өңдеудің барлық процестерін жасай отырып, еліміздің транзитті әлеуетін арттырмақ. Жаңа кешен 12 700 квадрат метр ауданын қамтып, үш терминалдан тұрады. Бұл жерге Ақтөбе территориясындағы халықаралық транспорт коридорында тұрған қырғыз участігі кіреді. 2009 жылдың қыркүйегінде Елбасымыздың жарлығы бойынша Ақтөбе аймағынан бастау алатын, бірден 7,5 млн халқы бар бес облысты қамтитын үлкен жобаның құрылысы басталды. Аймақта жол жөндеуімен қатар, жүк магистралына қызмет көрсететін жол шетіндегі қажетті инфрақұрылым нысандарының құрылысы жүріп жатыр. Бұл транспортты-логистикалық орталық халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ірі және алғашқыларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл орталықта жүк транспорттарына арналған автотұрақтарға жер бөлінген және 434 метр ұзындығымен кіретін теміржол жолдары бар. Барлық терминалдарда қабылдау, орналастыру, сақтау, іріктеу, тауар арту секілді техникалық операцияларды орындайтын, функционалды аумағы бар. Үдерістерді автоматты түрде басқару үшін WMS-технологиясы қолданады, ол өз кезегінде қойма көлемін тиімді қолдануға көмегін тигізеді.

Аймақта осы секілді транспортты-логистикалық орталық жалғыз болмайды, өйткені, Зайсан кедендік постына жақын қазақстан-ресей шекарасына тағы бір орталық салу көзделіп отыр. Осының бәрі мемлекет аралық байланыстың кеңеюі мен қатар тасымалдау тиімділігін арттыру, қосымша жұмыс күшінің пайда болуына алып келеді. Мысалы, Ақтөбедегі транспортты-логистикалық орталықтың есебінен 800 тұрақты жұмыс орындары ашылды. Бұл ірі жоба аймақтың индустралды-инновациялық даму шеңберіндегі ағымдағы жылда іске қосылған 11-шісі болып табылады. Жылдың соңына дейін облыста еліміздің индустрияландыру картасына кірген он шақты инновационды жобаларды енгізу көзделіп отыр.

Бүгінгі таңда транспортты-логистикалық жүйесін оперативті басқару тиімділігінің шарты болып, ақпараттық технологияларды енгізу болып табылады. Бұл жерде басқару мен жоспарлаудың дәстүрлі әдісінен ақпараттық технологияларды қолдану әдісіне өту тиімді нәтижесін көрсетеді. Оның бір варианты, оперативті жоспарлаудың бірізділік әдісінен, нысанды-бейімделу әдісіне көшу.

Талап еткен мақсатқа жетудің заманауи жолы жүйе элементтерінің бірізділігін сипаттау, әр элементтің жағдайы туралы анализ жасау, жүйе құрылымдарын нысан ретінде қарастырып, анықталған іс-әрекеттердің анализ нәтижесінің тәуелділігіне байланысты шешім қабылдау. Сонымен бірге мұрагерлік, инкапсуляция, полиморфизм, кластар, әдістер, жаңалықтар, құрамы секілді құрамдастар жасалынған тауарды модернизациялау мен тираждауды барынша жеңілдетеді. Бұл жол үш кезеңнен тұрады. Ақпараттық модельді құру нысандардың өмірлік цикілін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Нысандардың өзара қарым-қатынасы ақпарат алмасу арқылы жүзеге асады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткен терминалдық технологияны Қазақстанға енгізу арқылы, халықаралық жүк айналымының жоғары сұранысын қанағаттандыру мүмкіндігіне, сыртқы экономикалық байланысты кеңейтуге, бизнес –үрдісін дамыту мүмкіндігіне ие боламыз.

Транспортты-логистикалық жүйенің тиімділігі кәсіпорындарға азық-түлік каналдары мен жеткізуді ұсына отырып іске асырылады. Шешім қабылдау кезінде транспортты-логистикалық құрылым тұтынушылар мен делдарға компьютерлік технология бойынша қызмет көрсету үшін жаңа стратегиялар қолданады. Сонымен қатар, транспортты-логистикалық жүйе маркетингтің төрт кешенімен (Place, Price, Product және Promotion) өзара тығыз әрекеттесуі қажет.

### **Әдебиеттер:**

1. Бауэрсокс Доналд Дж., Клосс Дэйвид Дж. Логистика — М. ЗАО «Олимп-Бизнес», 2005. — 640 с.:
2. Ахметов Ж.К. Тасымалдау логистикасының қағидаларын меңгеру — 2010. — № 3 (23). — С. 35—37.
3. Логистиканың функционалдық салаларына сипаттамасы.; URL: [http://transport-law.ru/index.php?option=com\\_content&view=article&id=37:1-&catid=5:2010-08-26-19-28-17&Itemid=6](http://transport-law.ru/index.php?option=com_content&view=article&id=37:1-&catid=5:2010-08-26-19-28-17&Itemid=6) (дата обращения: 02.02.2013)